Астана қаласы әкімдігінің №12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК 2026–2027 оқу жылындағы кезектен тыс педагогикалық кеңестің ХАТТАМАСЫ

Күні: 07.09.2026 жыл
Қатысқаны: 20 педагог
Тақырыбы: №12 «Қарлығаш» балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Күн тәртібі:

Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру.

Меңгеруші Г.А. Достияроза

Бағалау өлшемшарттарына сәйкес №12 «Қарлығаш» балабақшасының өзін-өзі бағалауын өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

Меңгеруші Г.А. Достияроза

ТЫҢДАЛДЫ

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.А. Достияровасөз алды. Меңгеруші қатысушыларды «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-нің 2024 жылғы 21 қаңтардағы №420-нқ бұйрығымен бекітілген 2026 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырып өтті.
Осы тізімге сәйкес 2026 жылғы қаңтар айында мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтеді.
Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымның қызметін бағалау мақсатында, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығындағы бағалау өлшемшарттарына сәйкес материалдарды дайындау және талдау үшін комиссия құру қажет.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Г.А.Достиярова комиссияның төрайымы – мектепке дейінгі ұйымның басшысы болып табылатындығын, сондай-ақ комиссияға біліктілік санаты бар педагогтер кіруі тиіс екенін атап өтті. Өйткені алдағы жұмысты сапалы және үлкен жауапкершілікпен орындау керек.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды.
Дауыс беру барысында шешім бірауыздан қабылданды.
Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамында:
Комиссия төрайымы: меңгеруші – Г.А. Достиярова
Комиссия мүшелері:
Р. Бохай – әдіскер, педагог-модератор, комиссия мүшесі;
А.Б. Усенова – инновация әдіскері, педагог-молератор, комиссия мүшесі;
Б.Б. Искакова – меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары, комисси мүшесі;
Т.Б. Кулынтаева - қазақ тілі педагогі, педагог – модератор, комиссия мүшесі;
-Г.А. Азизова – тәрбиеші, педагог-сарапшы, комиссия мүшесі.
2. Өлшемшарттарға сәйкес өзін-өзі бағалауды талдау нәтижелері бойынша:
а) комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығару;
б) білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізу;
в) Қамқоршылық кеңесті өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру;
г) «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-не материалдарды тапсыру және мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастыру.

Төрайым: **Г.А. Достиярова**

Хатшы: **Т.Б. Кулынтаева**